

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Құмқұдық ауылы

Бұйрық № 73

31 тамыз, 2022 жылы

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес және Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Абай атындағы ЖОББ мектебінің жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін:

1.1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім туралы беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. Білім алушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.

1.3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

2. 2022-2023 оқу жылының басталуы мен аяқталуы айқындалсын:

2.1. Оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек және аяқталуы 2023 жылғы 25 мамыр болып белгіленсін.

2.2. Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда және МАД тобына 35 оқу аптасы, 2-11- сыныптарда 36 оқу аптасы;

2.3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 сыныптарда және МАД тобына күзгі каникул - 7 күн (2022 жылғы 31 қазан мен 6 қараша), қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаны мен 8 қаңтар аралығында, көктемгі каникул -

9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығы), 1 сыныпта және МАД тобына қосымша каникул - 7 күн (6 ақпан мен 12 ақпан аралығында).

3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген жалпыға бірдей міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

4. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б.Дуисалинаға жүктелінсін.

Мектеп директоры



Б.Т.Жакупова